

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің биоресурстарды қорғау жөніндегі жекелеген мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 247 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Балқаш биоресурстарды қорғау жөніндегі аймақтық мекемесі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Балқаш-Алакөл балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы" және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Зайсан-Ертіс балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы" мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Солтүстік Каспий биоресурстарды қорғау жөніндегі аймақтық мекемесі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Орал-Каспий облысаралық балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі